БЕКІТЕМІН
«Павлодар дарыны»
БУҚБЛДО КМҚК бастығы
А.Мухаметжанова
«____» _____ 2026 ж

«Заң» азаматтық – құқықтық
жобасының жоспары

№	Тақырыбы	Өткізу формасы	Мақсаты	Міндеті	Қатысушылар
1	«Қыз бала – қоғамның болашағы»	Психолог және гинеколог мамандардың қатысуымен өтетін ақпараттық-тәрбиелік кездесу, ашық әңгіме, сұрақ-жауап және шағын тренинг.	Қыз балаларға жасөспірімдік кезеңдегі физиологиялық және психологиялық өзгерістер, етеккір циклі, жеке гигиена және қыздар денсаулығын сақтау туралы дұрыс әрі ғылыми негізделген ақпарат беру.	- Жасөспірімдік кезеңдегі өзгерістер туралы ақпарат беру; - Етеккір циклі және жеке гигиена ережелерін түсіндіру; - Денсаулыққа қатысты мифтерді ажыратуға үйрету; - Эмоциялық өзгерістер мен жеке шекараны түсіндіру; - Қажет жағдайда маманға жүгінудің маңызын түсіндіру.	7 - 8 сынып оқушылары (қыздар)

2	«Ер жүрегі – ел жүрегі»	Құқықтық ойын түріндегі командалық жарыс: интеллектуалдық, құқықтық және спорттық тапсырмалар.	Оқушылардың азаматтық жауапкершілігін, сонымен қатар заңға деген құрметін қалыптастыру.	- командалық жұмыс және шешім қабылдау дағдыларын дамыту; - көшбасшылық пен бастамашылдықты қалыптастыру; - жасөспірімдердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру.	8 – 9 сынып оқушылары (ер балалар)
3	«Бір қадам – бір тағдыр»	Полиция/заңгер маманын шақырып, есірткіге байланысты құқықтық жауапкершілік туралы интерактивті кездесу.	Оқушыларға есірткі қолданудың құқықтық салдарын түсіндіру, заңды құрметтеуге және жауапкершілікпен шешім қабылдауға тәрбиелеу.	- Есірткіге қатысты құқықтық жауапкершілік туралы ақпарат беру; - Құқық бұзушылықтың салдарын түсіндіру; - Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру; - Салауатты өмір салтын ұстануға және құқық бұзушылықтың алдын алуға бағыттау.	9 - 10 сынып оқушылары
4	«Интернеттегі заң және қауіпсіздік»	Киберқауіпсіздік квесті, топтық ойын, жағдаяттарды	Оқушылардың интернеттегі қауіпсіздік туралы білімін	- Интернеттегі негізгі қауіптерді түсіндіру; - Жеке ақпаратты қорғауға үйрету;	8 сынып оқушылары

		талдау және интерактивті тапсырмалар.	арттыру, жеке ақпаратты қорғауға және интернеттегі қауіпті жағдайларды дұрыс анықтап, шешім қабылдауға үйрету.	- Фейк аккаунттар мен қауіпті сілтемелерді ажырату; - Интернетте қауіпсіз қарым-қатынас жасау дағдысын қалыптастыру; - Кибербуллинг пен интернеттегі құқық бұзушылықтардың алдын алу; - Цифрлық сауаттылықты арттыру.	
5	«Жоқ деуге құқығым бар»	STOP-тренинг, рөлдік ойындар, жағдаяттарды сахналау және пікірталас.	Оқушыларға өз шекарасын қорғауды, қысымға берілмей өз ойын ашық жеткізуді және қажет жағдайда сенімді түрде «жоқ» деп жауап беруді үйрету.	- Жеке шекараның маңызын түсіндіру; - Қысым түрлерін ажыратуға үйрету; - Қажет жағдайда «жоқ» деп айту дағдысын қалыптастыру; - Қауіпті жағдайда көмек сұрауға бағыттау; - Өзіне және өзгелерге құрмет мәдениетін қалыптастыру.	7 – 9 сынып оқушылары
6	«Жасөспірім және заң»	Құқықтық дебат, пікірталас және құқықтық жағдаяттарды талдау.	Жасөспірімдердің заң алдындағы құқықтары мен жауапкершілігін түсіндіру, құқықтық сауаттылығын	- Жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттері туралы білімін кеңейту; - Заң талаптарын сақтаудың маңызын түсіндіру;	9 сынып оқушылары

			арттыру және өз пікірін дәлелді түрде жеткізуге үйрету.	- Құқық бұзушылықтың алдын алу; - Өз әрекетіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу; - Өзге пікірді тыңдау және құрметтеу мәдениетін қалыптастыру.	
7	«Конституция – негізгі заң»	Құқықтық ойын-сайыс, сұрақ-жауап, пазл жинау және жасырын сөзді табу.	Оқушыларға Қазақстан Республикасының Конституциясы туралы түсінік беру, олардың құқықтық сауаттылығын арттыру және өз құқықтары мен міндеттерін білуге тәрбиелеу.	- Конституцияның маңызын түсіндіру; - Оқушылардың құқықтары мен міндеттері туралы білімдерін кеңейту; - Заңды құрметтеуге тәрбиелеу; - Логикалық ойлау және топпен жұмыс жасау қабілеттерін дамыту; - Сұрақтарға жылдам әрі дұрыс жауап беруге үйрету.	9 сынып оқушылары
8	«Анонимді сұрақ»	Арнайы маман шақырылады. Оқушылар алдын ала қорапқа анонимді сұрақтарын салады, маман жауап береді + анонимді	Оқушылардың өзекті мәселелер бойынша ашық сұрақ қоюына мүмкіндік беру және дұрыс ақпарат алу.	- Оқушылардың сұрақтарына маман арқылы жауап беру; - Қажеттіліктерін анонимді сауалнама арқылы анықтау; - Құқықтық және әлеуметтік сауаттылығын арттыру.	8 – 10 сынып оқушылары

		сауалнама өткізіледі.			
9	«Құқықтық лабиринт»	Интеллектуалдық командалық ойын, құқықтық квест, логикалық тапсырмалар және жағдаяттарды шешу.	Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, заң бойынша білімдерін бекіту және құқықтық мәселелер бойынша дұрыс шешім қабылдау қабілетін дамыту.	- Құқық пен заң туралы білімдерін кеңейту; - Конституция, құқық және міндеттерді бекіту; - Құқықтық жағдаяттарды шешуге үйрету; - Логикалық ойлау мен жылдам шешім қабылдауды дамыту; - Топта жұмыс істеу және пікірін дәлелдеуге үйрету.	7 сынып оқушылары